

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**



**Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н.
ГУМИЛЕВА**

**"ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ДАМУЫ: ШЫНДЫҒЫ МЕН БОЛАШАҒЫ"
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК ТРУДОВ
международной научно-практической конференции
"СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ НЕЗАВИСИМОГО
КАЗАХСТАНА: РЕАЛИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ"**



**9 желтоқсан, 2021
Нұр – Сұлтан**

ӘОЖ 338.2 (574) (075.8)

ҚБЖ 65.9 (5Қаз) я73

T29

Редакция алқасы

МАЙДЫРОВА А.Б. - төрайым, э.ғ.д., профессор, кафедра меңгерушісі,

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

БАЙЖОЛОВА Р.А. - э.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ЕГЕМБЕРДИЕВА С.М. - э.ғ.д., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия

ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ТЛЕСОВА Э.Б. - э.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

БЕРЖАНОВА А.М. - э.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Л.Н. Гумилев

атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ЖАНАБАЕВА Ж.К. - э.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

АУЕЛБЕКОВА А.К. - э.ғ.к., доцент Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ДОСМАҒАНБЕТОВ Н.С. - э.ғ.м., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

КАЗБЕКОВА З.К. - магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

НҰРЛАНҰЛЫ А - магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ISBN 978-601-337-610-3

T29 "Тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы: шындығы мен болашағы" атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. –Нұр-Сұлтан: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 361 б.

Сборник трудов международной научно-практической конференции "Социально-экономическое развитие независимого Казахстана: реалии и перспективы". – Нур-Султан: ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, 2021. – 361 с.

Works of the International scientific - practical conference "Socio-economic development of independent Kazakhstan: realities and prospects". - Nur-Sultan: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2021. – 361 p.

ӘОЖ 338.2 (574) (075.8)

ҚБЖ 65.9 (5Қаз) я73

ISBN 978-601-337-610-3

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2021

© Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2021

2. Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы №958 Жарлығымен бекітілген.

3. Экономический словарь /Под редакцией А.Н.Азрияцана.– М: Институт новой экономики, 2007.

4. Қр статистикалық комитеті сайтында қолжетімді <https://taldau.stat.gov.kz/kk/ConstructorWizard/PivotGridPageWizard>

5.Интернационал Қазақстана. (2021). ЗЕРНОВОЕ ПРОИЗВОДСТВО КАЗАХСТАНА. [онлайн] Доступно по адресу: <<https://international.kz/644-zernovoe-proizvodstvo-kazahstana.html>>.

6. 1 сурет 2021 ж. [сурет] Қолжетімді: <https://stat.gov.kz/>

7. Горпинченко К.Н., Луценко Е.В. Г (2013) Прогнозирование и принятие решений по выбору агротехнологий в зерновом производстве с применением методов искусственного интеллекта (на примере СК-анализа). Монография. – КубГАУ, Кубанский государственный аграрный университет, © ФГБОУ ВПО Краснодар

8. 2 сурет 2021ж. [сурет] Қолжетімді: <https://stat.gov.kz/>

9. Нещадим Н.Н. (2019), Технология аграрного производства: методические рекомендации, КубГАУ, Н.Н.Нещадим, Г.Ф.Петрик, Краснодар

ЖҰМЫССЫЗДЫҚ ЖӘНЕ ОНЫМЕН КҮРЕСУ ЖОЛДАРЫ

Ерканова Г., Сайлау А.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Қазақстан, Нұр-Сұлтан қаласы

aktolkinsailau.2004@gmail.com

Қазіргі кездегі ауқымды өзгерістер кезеңі қоғам өмірінің барлық саласын жан-жақты қамтуда экономика мен экономикалық теория бүгінгі күндерде қоғамды дамытудың басты пәрменді күші болып отыр. Экономикалық құрылымы өте күрделі және экономика ғылымы эволюциялық жолмен дамып, болжамдарды жалғастырып келеді. Экономика сонымен қатар қоғам өмірінің көптеген мәселелерін қамтиды. Әсіресе, соның ішінде баға, табыс, жұмыссыздық және тағы басқа құбылыстардың өзгерісімен тығыз байланысты. Қазіргі күндері экономиканы біріншіден - өндіріс, инфляция, табыстар қозғалысын түсіндіру және жазу үшін, екіншіден – экономикалық тәртіпті негіздеу үшін қолданылады. Экономиканың өзін макроэкономика және микроэкономика деп екі салада қарастырамыз. Бұл екі сала өзара бір – бірімен тығыз байланысты болады. Міне, осы макроэкономика саласының күрделі мәселелерінің бірі - инфляция болып табылады. Инфляция – елдегі жалпы баға деңгейінің тұрақты өсуінен ақшаның құнсыздануы. Бірақ бұл барлық тауарларға баға өседі деген емес. Инфляция деңгейі өте жоғары болғанының өзінде кейбір тауарларға баға тұрақты

болады. Инфляцияның қоғамға әкелетін экономикалық және әлеуметтік зардаптары:

1. Елдің ұлттық табысы мен байлығы қоғамның әр түрлі топтарының арасында қайта бөліске түседі.

2. Инфляцияның жоғарғы қарқынмен өсуі ұзақ мерзімге жоспар жасауды қиын жолға қояды, кәсіпкерлердің тәуекелін өсіреді.

3. Шетелдің тұрақты валютасына сұраныс өседі, ол капиталдың шет елге ауысуына әкеледі.

4. Ақшаның құнсыздануы халықтың тұрмыс деңгейін төмендетеді.

Қазақстанда жоспарлы экономикадан нарықтық қатынастарға көшу терең экономикалық дағдарысты жеңумен қоса жүргізілді. Өндірістің құлдырауы экономиканың барлық салаларында жүріп жатты. Қазақстан Республикасындағы өтпелі кезеңдегі инфляция себептеріне мыналарды жатқызуға болады:

1. ұлттық экономикада өндірістің терең құлдырауынан болған тауар тапшылығы;

2. өндірілген өнімдерге энергетиканың, материалдардың, еңбектің жоғары мөлшерде жұмсалуды;

3. өз тауарлары мен қызметтеріне бағаны негізсіз көтеруге мүмкіндік берген жеке тауар өндірушілер монополизмі;

4. мемлекеттің өнімсіз шығындарының жоғары деңгейі;

Жұмыссыздық – әлеуметтік – экономикалық құбылыс, бұл кезде экономикалық белсенді халықтың жұмысқа қабілетті және жұмыс істегісі келетін белгілі бөлігінің жұмысқа орналасу мүмкіндігі болмайды. Жұмыссыздық еңбек ұсынысының еңбек сұранысынан артық болуымен сипатталады, осыдан еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсыныстың өзара әрекеттестігі еңбекпен қамтылу деңгейін анықтайды. Жұмыссыздық нәтижесінде еңбекке қабілетті адамдардың бір бөлігі өнім өндіруге қатыса алмайды. Нәтижесінде қоғамға зиян келеді.

Жұмыссыздықтың салдары қандай болады және ол қоғамға несімен қауіпті:

- Адам еңбегі дегеніміз капитал сияқты жинап қоюға, қордалауға келмейтін айрықша ресурс. Жоғалған жұмыс уақытын орынына келтіру мүмкін емес, сондықтан жұмыссыздық салдарынан шығарылмаған және көрсетілмеген тауар мен қызметтің орны өтелмейді.

- Егер адам жұмысынан айырылса, сөйтіп жалақысыз қалса ол қалайда күнкөріс көзін іздейді. Бұл жағдайда мемлекет жұмыссызға жағдай жасауды өз мойнына алады. Алайда жұмыссыздығы үшін берілетін жәрдемақы тауар шығарғаны, қызмет көрсеткені үшін берілген сыйақы бола алмайды, себебі жұмыссыз адам ешнәрсе шығармайды, демек елдің әл-ауқаты да жоғарыламайды.

- Жұмыссыздар санының көбеюі тауар мен қызметке сұранымды азайтады. Халықтың табысының азаюы сұраныстың азаюының бір себебі екендігін ілгеріде көрдік. Тауарға сұраныстың азаюы өз кезегінде өндірістің кемуіне және

жұмыссыздықтың одан әрі өршуіне жол ашады, себебі өндірістің кемуі жұмыс орындарының қысқарып, жалақының кемуіне әкелетін жолдың басы. Сөйтіп қоғам өзі құрған тұзаққа өзі түседі.

- Елде жұмыссыздықты саяси жағдайдың шиленісуі өршітіп жібере алады, себебі әбден ашынған халық жұмыстың, ақшаның жоқтығы діңкелеткен адамдар үкімет өзгерсе жағдайымыз жақсара ма деген үмітпен қандай да бір ереуілге, шеруге, төңкеріске қатысуға даяр тұрады.

- Жұмыссыздық қылмыс, әсіресе жастар арасында қылмыс тамырланатын ұя, себебі күнкөріс көзін таба алмаған кісі оның басқа жолдарын, көбінесе қылмыспен пайда табу жолдарын іздестіруге көшеді.

Жұмыссыздықпен күрес жолдары

Тапсырма биржалары мен жұмыспен қамту қызметтерінің басқа да түрлерін құру, жаңа жұмыс орындарын ашу, оқыту және жұмыссыздарды оқыту үшін мүмкіндіктер жасау, қылмысқа қарсы күрес, мінез-құлық тұрақтандыру саясаты, мемлекет үшін қосымша жұмыс орындарын құру, мұндай журналистер, экономистер, дизайнерлер, құрылысшылар және басқа сарапшылар кейбір профильдер, табу үшін арнайы орындарын құру.

Маңызды мәселелердің бірі тұрғындардың жұмыспен қамтылуы және еңбекке орналастыруды қамтамасыз ету болып отыр, бұл мемлекеттің ерекше бақылауына алынған.

Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» бағдарламасы халықты нәтижелі жұмыспен қамтуға жәрдемдесуге және азаматтарды кәсіпкерлікке тартуға бағытталған. Мемлекеттік бағдарлама еңбек нарығының қажеттілігін ескере отырып, техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлау, қысқа мерзімдік кәсіптік оқыту, еңбек ресурстарын қайта даярлау, «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқыту, ауылдық елді мекендерде шағын кредит беруді кеңейту, жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға мемлекеттік гранттар беру, еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру сияқты бірқатар міндеттерді қамтиды.

Ұзақ уақыт бойы инфляцияны монетарлық құбылыс деп санай отырып, ол ақшаның құнсыздануы мен тауар бағаларының өсуі тұрғысында түсіндіріліп келеді. Әлі де бірқатар шетелдік авторлар инфляцияны экономикада бағаның жалпы деңгейінің артуы ретінде анықтайды. Алайда инфляцияның тауар бағасының өсуіне көрінгенімен оны тек таза ақша феноменіне жатқыза салуға болмайды. Бұл нарықтық шаруашылықтың түрлі сфераларындағы ұдайы өндірістің сәйкессіздігінен туатын күрделі әлеуметтік-экономикалық құбылыс. Инфляция әлемнің көптеген елдердегі экономиканың қазіргі дамуының ең өткір проблемаларының бірі болып есептеледі.

Ақмола облысы — Қазақстан Республикасының орталығында орналасқан әкімшілік-аумақтық бөлініс.

Жер аумағы 146,2 мың км².

Тұрғыны 738 611 адам, орташа тығыздығы 1 км²-ге 5,05 адамнан келеді (2018).

14 ауылдық, 2 қалалық әкімшілік ауданға бөлінген. 10 қала, 13 кент, 245 ауылдық әкімшілік округ бар

Ресми статистикалық деректерге және 2022-2023 жылдарға арналған болжамға сәйкес жұмыссыздық деңгейі 1 кестеде келтірілген.

Кесте 1 - 2018-2021 жылдарға арналған жұмыссыздық деңгейі

№	Көрсеткіш атауы	нақты				жоспар (бағалау)	
		2018	2019	2020	2021	2022	2023
1	Жұмыссыздық деңгейі,%	4,8	4,7	4,9	4,9	4,8	4,8

Ағымдағы жылы «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында жұмыссыз және өзін-өзі жұмыспен қамтығандар қатарынан 9 490 адамды қамту жоспарланған. 1 шілдедегі мәлімет бойынша 4808 адам немесе 50,7% қамтылған.

Республикамыз ТМД аумағында алғашқылардың бірі болып мынандай маңызды экономикалық заңдарды қабылдады: «Шетелдік инвестициялар туралы» Заң, «Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» жаңа Заң, «Бюджетті жүйе және басқалар туралы» Заң.

Үкімет стратегия «2030» сәйкес инфляция қарқынының жыл ішінде 5-6% шамасында болуына ұмтылып отыр. Мынандай нәтижеге жету үшін үкімет: ақшалай несиелік-бюджеттік саясаты қатал заңдырылады. Ішкі инвестициялық мүмкіндіктерді өрістеуге көмектесетін қаржылық механизмді ұмытады.

Жинақтаушы зейнетақы қорларға ақшалай қаржылардың айтарлықтай бөлігін қауіпсіз инвестициялауды қамтамасыз етуге ұмтылады. Бюджеттік жетіспеушілікті қаржыландыруға құнсызданбайтын көздерді пайдаланылады. Мемлекеттік құнды қағаздардың айналым мерзімін ұзартады т.б.

Мемлекеттің инфляция деңгейін болдырмау үшін қолданылатын нақты шаралары:

Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2006 жылғы 1 наурыздағы «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы. Қазақстан өз дамуындағы — жаңа серпіліс жасау қарсаңында» атты Қазақстан халқына жолдауында, ақша-кредит саясатының негізгі мақсаты инфляцияны тежеуді қамтамасыз ету болып табылады және бұл мақсатқа жету жолындағы жауапкершілік Ұлттық Банк пен Үкіметке жүктеледі деп атап көрсетті. Осыған орай бүгінгі таңдағы инфляцияның өсуі көп себептерге негізделген және тиісті органдар мен нарық субъектілерінің нақты іс-әрекеттеріне байланысты күрделі көп факторлы құбылыс екендігін айта кеткен жөн.

Бірінші бағыт техникалық, кәсіптік біліммен және қысқа мерзімді кәсіптік оқытумен қамтамасыз етуді көздейді. Барлығы 1 855 адамды оқытумен қамту жоспарланған, оның ішінде

- ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен бастап ТЖКБ базасында 9-11 сыныптардың 1190 түлегі оқуға кірісті;
- ағымдағы жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 357 адам немесе 53,7% қысқа мерзімді кәсіптік оқытумен қамтылды.

Екінші бағыт жаппай кәсіпкерлікті дамытуды көздейді.

- ағымдағы жылы 3 461,3 млн теңге сомасына 803 шағын несие беру жоспарлануда, оның ішінде ауылдық жерлерде 2961,3 млн теңге сомасына 773 шағын несие және қалаларда 500 млн теңге сомасына 30 шағын несие беру жоспарланған;

- ағымдағы жылы «Атамекен» ҰКП арқылы 1350 адамды кәсіпкерлік негіздеріне оқыту жоспарлануда. Бірінші Толқынға 713 адам қатысты

- ағымдағы жылы 339,3 млн теңге сомасына 640 грант беру жоспарланған;

Үшінші бағыт халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және еңбек ресурстарының ұтқырлығы арқылы еңбек нарығын дамыту жөніндегі шараларды көздейді.

Ағымдағы жылдың 1 шілдесіне жұмыспен қамтудың белсенді шараларымен 3019 азамат немесе жоспарға 65,8% қамтылған. Бір жылға жоспар 4584 адамды құрайды, оның ішінде қамтылды:

- жастар практикасымен 229 адам немесе жылдық жоспарға 24,4%-ы — 938 адам;

- әлеуметтік жұмыс орындарымен 412 адам немесе жылдық жоспарға 88,4% — 466 адам.

- қоғамдық жұмыстармен 2378 адам немесе жылдық жоспарға 74,8% — 3180 адам.

2021 жылға облыста 15 612 жұмыс орнын құру жоспарланған, оның ішінде 7 170 жұмыс орны — тұрақты. Ағымдағы жылдың 6 айының қорытындысы бойынша облыста 9 446 жаңа жұмыс орны немесе жылдық жоспардың 60,5% ашылды. Оның ішінде тұрақты 2145 жұмыс орны немесе жылдық жоспардың 29,9% қамтылған.

Аймақтың жұмыспен қамту жол картасы аясында 45 млрд теңге бөлінді, оның 32,5 млрд теңгесі жергілікті атқарушы органдардың облигацияларын шығару және 12,5 млрд теңгесі 11 252 жұмыс орнын құрумен ағымдағы нысаналы трансферттер есебінен, оның ішінде 5 626-ы халықты жұмыспен қамту орталықтары арқылы.

Ағымдағы жылғы 26 маусымдағы жағдай бойынша 324 жоба бойынша келісімшарт жасалды, 312 объектіде жұмыс басталды. 6405 жұмыс орны құрылды, оның 3244 жұмыспен қамту орталықтары арқылы, бұл жоспарлы көрсеткішке 60,9% құрайды. Басталған 312 жобаның 22 нысанында жұмыс аяқталды.

Маңызды мәселелердің бірі тұрғындардың жұмыспен қамтылуы және еңбекке орналастыруды қамтамасыз ету болып отыр, бұл мемлекеттің ерекше бақылауына алынған.

Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» бағдарламасы халықты нәтижелі жұмыспен қамтуға жәрдемдесуге және азаматтарды кәсіпкерлікке тартуға бағытталған. 18 мыңнан астам адам субсидияланатын жұмыс орындарымен қамтылды, оның ішінде 15 мың адам әлеуметтік жұмыс орындарына, 14 мың адам жастар практикасына, 89 мың адам қоғамдық жұмыстарға орналастырылды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. <https://egemen.kz/article/243295-elimizde-enhbek-baghdarlamasy-qalayiske-asyryluda>
2. https://kk.wikipedia.org/wiki/Ақмола_облысы#Өнеркәсіп
3. <https://docviewer.yandex.kz/view/1478084430/?page>
4. «Экономикалық теория» Есенғалиева Қ.С.
5. <https://kk.wikipedia.org/wiki/Жұмыссыздық>
6. <https://7kun.kz/aza-stan-respublikasyny-inflyatsiya-a-arsy-sayasaty-kursty-zh-mys/>

ӘЛЕУМЕТТІК КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Жантелеуова Г.М.

Л.Н.Гумилев атындағы Евразия ұлттық университеті

Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.

zhanteleuova@mail.ru

Қазіргі кәсіпкерлік әрбір адамның және жалпы қоғамның экономикалық әлеуетін жүзеге асыруда маңызды рөл атқарады. Соның арқасында жаңа қоғамдық байланыстар мен экономикалық құрылымдар құрылып, еңбек өнімділігі артады. Сондықтан да соңғы кездері өндірістік, техникалық, экономикалық және әлеуметтік мәселелерді шешуге келгенде «кәсіпкерлік» термині жиі қолданылады.

Бүгінде Қазақстанда шағын және орта кәсіпорындарды жаңа инновациялық әдістер арқылы қолдауға көп көңіл бөліне отырып, олар бизнес - инкубаторлар, технопарктер, бизнес орталықтары және инновациялық басқа да құрылымдар арқылы жүзеге асыру көзделген [1].

Республиканың Үкіметі алдында нарықтық экономиканың амал - тәсілдеріне бейімделіп, экономикалық мәселелерді шешіп, экономикасы дамыған елдердің қатарына қосылу мақсаттары тұр. Ел экономикасын дамытудағы мәселе Отандық өндірісті дамыту болып саналады.

Кез-келген мемлекеттің экономикасында экономикалық дағдарысты шешу мен өндірістің құлдырауын тоқтатудың бір жолы кәсіпкерлікті дамыту болып табылады. Шағын және орта кәсіпорындар бұл – кәсіпкерлік қызметті дамытудағы өте ыңғайлы және қолайлы формалары ретінде қарастырылады. Нарықты экономикалы елдерде шағын және орта бизнестің даму деңгейін, қарқынын ел, аймақ, қала табыстылығының нақты кепілі деп есептейді [2].

Соңғы кездері бүкіл әлемде әлеуметтік кәсіпкерлікке ден қойғандар қатары артып келеді. «Ұлыбританияда ЖІӨ-нің 10 пайызы әлеуметтік кәсіпкерлікке тиесілі» деген статистика ғаламтордағы көп ақпарат құралында жазып жүр. Қазақстан Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев осыдан бірнеше жыл бұрын